

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 22 қыркүйектегі № ДЗ-270

Құрметті депутаттар!

Инфляция, шикізаттық емес секторды дамыту, ең төменгі жалақыны және жалдамалы қызметкерлердің жалақысын индексстеу мәселелері жөніндегі депутаттық сауалын қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазақстанда соңғы айларда байқалып отырған бағаның өсуі айтарлықтай дәрежеде жаһандық пандемиямен байланысты, оның ішінде логистикалық тізбектердің бұзылуы (*WCI контейнерлік тасымалдар құнының әлемдік индексі 5 еседен астам өсті*) және кейінге қалдырылған сұраныс әсерінің салдарынан болып отыр.

2020 жылы басталған жаһандық коронавирустық пандемия бүкіл әлем бойынша инфляциялық процестерді жеделдетті. Көптеген елдерде локдаунның енгізілуі мен шекаралардың жабылуы шикізат пен дайын өнімдерді жеткізу тізбегінің бұзылуына, сондай-ақ өндірістің төмендеуіне алып келді. Нәтижесінде азық-түлік тауарлары ұсынысының шектелуі біртіндеп әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарында бағаның өсуіне алып келді.

Сонымен қатар, іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және пандемияның экономикаға әсеріне жауап ретінде 2020 жылдан бастап мемлекеттер фискалды ынталандырудың белсенді шараларын қабылдаумен қатар жұмсақ ақша-кредит саясатын жүргізді. Осы аяда инфляциялық үдерістер айтарлықтай жеделдеп, ағымдағы жылдың басынан бастап әлемде дамыған елдермен қатар дамушы елдерде де инфляция орта есеппен 3 пайыздық тармаққа өсті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстанда дағдарысқа қарсы шаралардың дер кезінде қабылдануы дағдарыстың салдарын азайтуға және ұлттық экономиканың қалпына келуін жеделдетуге мүмкіндік берді. Экономика ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 3,4%-ға өсті. Нәтижесінде 2021 жылы эпидемиологиялық жағдай мен нақты сектор кәсіпорындары жұмысының қалыпқа келуі сайын Қазақстан экономикасында тұтынушылық сұраныстың белсенді өсуі байқалады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының болжамдары бойынша (*ХВҚ, Дүниежүзілік банк, БҰҰ бойынша консенсус*) 2021 жылы орташа әлемдік ЖІӨ 5,7%-ға, оның ішінде Ресейдің ЖІӨ – 3,5%-ға, ал Қазақстанның ЖІӨ – 3,2%-ға өседі деп күтілуде.

Бұл ретте жаһандық жеткізу тізбектерінің әлі де жалғасып жатқан қалпына келуімен бірге кейінге қалдырылған сұраныс әсерінің орын алуы бүкіл әлемде азық-түлік тауарларына бағалардың өсуіне алып келіп отыр: ағымдағы жылғы қыркүйек айының қорытындысы бойынша БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының (*FAO UN*) азық-түлік бағаларының индексі (*2020 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда*) 32,8%-ды құрады. Бұл ретте, Қазақстанда тұтыну бағалары индексі құрылымының шамамен 40%-ы азық-түлік тауарларына тиесілі екенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, әлемдегі экономикалық белсенділіктің артуы салдарынан энергия ресурстарының әлемдік бағаларының өсуі байқалады: «Brent» маркалы мұнайдың бағасы барреліне 80 доллардан асты, газ бағасы 1 мың текше метр үшін 1200 долларға дейін өсті (*2020 жылғы қазандағы орташа баға – 1 мың текше метр үшін \$171,5*).

Жоғарыда келтірілген факторлардың нәтижесінде бүгінде көптеген елдерде инфляцияның рекордтық деңгейлері байқалып отыр: ағымдағы жылғы тамызда инфляция бойынша көрсеткіштер АҚШ пен Германия үшін соңғы 13 жылда (*нысаналы деңгей – 2%, АҚШ-та нақты инфляция – 5,3%, Германияда – 3,4%*), ал Ресей үшін – соңғы 5 жылда (*нысаналы деңгей – 4%, нақты инфляция – 6,7%*) ең жоғары болды.

Анықтама: *2021 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңінде инфляция 8,9%-ды құрады (қыркүйекте тамызға қарағанда – 0,4%). Ақылы қызметтерге бағалар 6,8%-ға (0,7%), азық-түлік емес тауарларға – 7,5%-ға (0,6%), азық-түлік тауарларына – 11,5%-ға (0,1%) өсті.*

Ағымдағы жылдың тамызымен салыстырғанда қыркүйек айында инфляцияның ай сайынғы динамикада өсу қарқынының 0,1 п.т. төмендеуі байқалады (тамыз айында инфляцияның өсуі – 0,5%). Бұл азық-түлік инфляциясының маусымдық баяулауының басталуына байланысты (ағымдағы жылдың тамызына 0,1%).

Басқа елдердегі инфляцияның жеделдеуі тек қана сұраныстың өсуіне байланысты жаһандық инфляциялық трендтердің болуын ғана қоймай, Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануын ескере отырып, Қазақстандағы инфляциялық процестерге қосымша сыртқы қысымды көрсететінін атап өту қажет.

Инфляцияның ішкі факторларына келетін болсақ, Қазақстандағы тұтыну бағаларының жеделдеуіне төлемге қабілетті сұраныстың артуы, атап айтқанда тұрғын үй нарығында (*халықтың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі есебінен*), қызмет көрсету саласындағы іскерлік белсенділіктің қалпына келуі, отын мен электр энергиясының қымбаттауы нәтижесінде өндірушілер шығыстарының өсуі, реттелетін қызметтерге бағалардың көтерілуінің кейінге қалдырылуы және т. б. айтарлықтай қысым көрсетіп отыр.

Сондай-ақ баға өсуінің жеделдеуіне ішкі нарықты азық-түлік өндірісімен жеткіліксіз молықтыру сияқты Қазақстандағы инфляцияның шешілмеген құрылымдық мәселелері әсер етеді.

Ағымдағы жылғы 7 қыркүйекте Үкімет бағаның өсуін тежеу мақсатында 2 бағыт бойынша 64 іс-шараны іске асыруды көздейтін 2021-2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден қою шаралар кешенін қабылдады. Бұл 2021 жылға арналған жедел шаралар және 2024 жылға дейінгі орта мерзімді шаралар.

Ағымдағы жылы тауар ұсынысын кеңейту (*әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар (бұдан әрі – ӘМАТ) түрлерін сатып алуды ұйымдастыру және форвардтық шарттар мен «айналым схемасы» шеңберінде өндірушілердің қажеттіліктерін анықтау*), монополияға қарсы бақылау және тұтынушыларды қорғау (*сауда үстемелерінің негізділігін бақылау, бағалық келісулер және сауда-саттықты шектеу белгілерін анықтау*), талдамалық және институционалдық қолдау (*скринингті, сауда процесстерін цифрландыруды, тамақ өнеркәсібінің толық жүктелмеген және тоқтап тұрған қуаттарына мониторинг пен талдауды, ӘМАТ бағаларын үйлестіру бойынша бақылауды институционалдық күшейтуді көздейтін іс-шаралар тізбесі*), тауарлардың ішкі нарығын реттеуге (*ішкі нарықта тапшылық не бағаның өсуі байқалатын шикізат пен материалдарды сыртқа шығаруға шектеу енгізу, 6 ай мерзіміне автокөлік көлігімен мұнай өнімдерін сыртқа шығаруға тыйым салуды енгізу, медициналық қызметтерге кешенді тарифтерді бекіту*) бағытталған 39 жедел шара іске асырылуда.

2024 жылдың соңына дейін азық-түлік тауарларына бағаның өсуін тежеу, азық-түлік емес тауарларға бағаларды ұстап тұру, тұтынушыларды жүйелі қолдау, қаржы нарығын реттеуге бағытталған 25 орта мерзімді шара іске асырылатын болады.

Шаралар кешенін іске асыру үшін Үкімет ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемін ұлғайту, олардың өзіндік құнын төмендету, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шаралар қабылдауда.

Ағымдағы жылғы 23 қыркүйектегі жағдай бойынша тұрақтандыру қорларында 25,1 мың тонна ӘМАТ бар, шамамен 31 мың тонна тауарды, оның ішінде картоп – 16 мың тонна, сәбіз – 5,2 мың тонна, пияз – 5 мың тонна және т.б. жеткізуге форвардтық шарттар жасалды.

Жыл басынан бері тұрақтандыру қорларынан 28,8 мың тонна азық-түлік сатылып, 13,5 мың тонна сатып алынды.

Жергілікті бюджеттерден «айналым схемасы» бойынша жеңілдікті қарыздар беруге 33,4 млрд теңге бөлінді.

Ағымдағы жыл басынан бері 3 353 ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өткізілді, онда тауарлар нарықтық бағадан 20-40%-ға төмен бағамен сатылады. Сауда объектілерімен, ауыл шаруашылығы тауарын және ӘМАТ өндірушілерімен бағаларды төмендету туралы 19 685 келісім жасалды.

«Айналым схемасы» тетігін қаржыландыруды 50 млрд теңгеге дейін ұлғайту және баға өсуінің ең жоғары тәуекелі бар тауарлар бойынша тұрақтандыру қорларына 50 млрд теңге сомасына азық-түлік сатып алуға қосымша қаражат бөлу жоспарлануда.

Шаралар кешенін іске асыру нәтижесінде 2022-2024 жылдары азық-түлік инфляциясы 5-7%-ға дейін, азық-түлік емес инфляция 5%-ға дейін, ақылы қызметтерге тарифтер 4%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Инфляцияны тежеу жөніндегі ақша-кредит саясатының шаралары шеңберінде 2021 жылғы бірінші жартыжылдықта (*2021 жылғы қаңтарда, наурызда, сәуірде, маусымда*) Ұлттық Банк 8-10% дәлізімен базалық мөлшерлемені жылдық 9% деңгейінде сақтау туралы 4 шешім қабылдады.

Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында базалық мөлшерлемені шілдеде 9,25%-ға және тамызда 9,5%-ға дейін арттыру туралы шешім қабылданды, бұл ұсыныс тарапынан инфляцияның орын алған тәуекелдеріне және сұраныс тарапынан экономикадағы тұрақты проинфляциялық қысымға байланысты болды. Ақша-кредит саясатының сараланған қатандатылуы 2022 жылы инфляцияны 4-6% нысаналы дәлізге қайтару қажеттігінен туындады.

Проинфляциялық факторлар өскен жағдайда Ұлттық Банк ақша-кредит талаптарын одан әрі қатандату жөнінде шаралар қабылдауы мүмкін.

Ең төменгі жалақы мен жалдамалы қызметкерлердің жалақысын индекстеуге келетін болсақ, ҚР еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің айлық жалақысының мөлшері қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына және сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайына қарай сараланып белгіленеді. Айлық жалақының мөлшері ең жоғары мөлшермен шектелмейді.

Жалақы қызметкерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында ескерілген нақты жұмыс істеген уақыты үшін төленеді.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, жыл сайын жалақы мөлшерінің өсуі байқалады.

2021 жылдың I тоқсанында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды қоса алғанда, бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 216 630 теңгені құрады және коронавирус пандемиясына байланысты төтенше жағдай мен шектеу шараларының енгізілуіне қарамастан, 2017 жылмен салыстырғанда (*136 273 теңге*) 37,1%-ға ұлғайды.

Сондай-ақ жалдамалы жұмыскерлердің орташа жалақы мөлшерінің артқаны байқалады. 2020 жылы орташа жалақы мөлшері 142 291 теңгені құрады және 2017 жылмен салыстырғанда (*82 977 теңге*) 41,7%-ға ұлғайды.

ҚР Еңбек кодексінің 157-бабына сәйкес ұжымдық шартқа қызметкерлер мен жұмыс берушінің жалақыны индекстеу тәртібін айқындау бойынша өзара міндеттемелер енгізілуі мүмкін.

Қазіргі уақытта республика бойынша жасалған ұжымдық шарттардың саны 148 мыңды құрайды, оның ішінде кәсіпорындар бойынша қамту 49,8%-ды құрайды (*ірі кәсіпорындар – 2,3 мың немесе 96,3%, орта кәсіпорындар – 6,7 мың немесе 97,4%, шағын кәсіпорындар – 140 мың немесе 48,3%*). Сонымен қатар, еңбекақы төлеу жүйесінің негізгі қағидаттарын, оның ішінде жалақыны индекстеу мәселелерін көздейтін салалық деңгейде 18 салалық келісім жасалды.

Жалақыны жыл сайынғы арттырудан тыс жалақыны міндетті негізде индекстеуді жүзеге асыру мемлекеттік бюджет үшін қосымша шығыстарға және жұмыс берушілерге елеулі қаржылық жүктемеге алып келеді.

Қазіргі жағдайда еңбекке ақы төлеу экономикалық санат бола отырып, еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысқа, шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің қаржы-экономикалық нәтижелеріне және басқа да факторларға байланысты болады.

Бұл ретте жалақыны міндетті түрде индекстеу өнімнің *(жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)* өзіндік құнының артуына алып келуі мүмкін, бұл тұтынушылардың шығыстарына, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуіне әсер етеді.

Осыған байланысты жалақыны индекстеу ұжымдық шарттар мен келісімдер шеңберінде тараптардың келісімі бойынша кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып жүргізілуге тиіс.

Инфляциямен күрестегі сәтсіздіктер үшін жауапкершілікке тарту мүмкіндігі бойынша инфляцияға қатысты ағымдағы жағдай жаһандық және ішкі макроэкономикалық процестер әсерінің нәтижесі болып табылады және белгілі бір лауазымды тұлғаның іс-әрекетінің және/немесе әрекетсіздігінің тікелей салдары бола алмайды деп санаймыз.

Шаралар кешенінің іс-шаралары орындалмаған және/немесе сапасыз орындалған жағдайда лауазымды адамдарға қатысты Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару қағидаттарына сәйкес заңнама бойынша шаралар қабылданатын болады.

Ә. Смайылов



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-270 от 22 сентября 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос по вопросам инфляции, индексации минимальной заработной платы и заработной платы наемных работников, сообщаем следующее.

Наблюдаемый в последние месяцы в Казахстане рост цен в значительной мере связан с глобальной пандемией, в том числе вследствие разрывов в логистических цепочках (*мировой индекс стоимости контейнерных перевозок WCI вырос более чем в 5 раз*) и эффекта отложенного спроса.

Начавшаяся в 2020 году глобальная пандемия коронавируса запустила ускорение инфляционных процессов по всему миру. Введение локдауна и закрытие границ в большинстве стран привели к сбоям в цепочках поставок сырья и готовых товаров, а также снижению производства. В результате ограничение предложения продуктов питания постепенно привело к росту цен на мировых агропродовольственных рынках.

В то же время в ответ на снижение деловой активности и влияние пандемии на экономику с 2020 года странами приняты активные меры фискального стимулирования, которые сопровождались проведением мягкой денежно-кредитной политики. На этом фоне значительно ускорились инфляционные процессы, с начала текущего года инфляция выросла в мире в среднем на 3 п.п., причем как в развитых, так и развивающихся странах.

Своевременное принятие антикризисных мер в Казахстане в соответствии с поручением Главы государства позволило снизить последствия кризиса и ускорить восстановление национальной экономики, которая по итогам 9 месяцев текущего года выросла на 3,4 %. В результате в 2021 году по мере нормализации эпидемиологической ситуации и восстановления работы предприятий реального сектора отмечается активный рост потребительского спроса в экономике Казахстана.

В 2021 году по прогнозам международных финансовых организаций

(консенсус по МВФ, Всемирному банку, ООН) ожидается рост среднемирового ВВП на 5,7 %, в том числе в Казахстане – на 3,2 %, в России – на 3,5 %.

При этом реализация эффекта отложенного спроса вкупе со все еще продолжающимся восстановлением глобальных цепочек поставок приводит к росту цен на продовольственные товары во всем мире: индекс продовольственных цен Продовольственной и сельскохозяйственной организации ООН (FAO UN) по итогам сентября текущего года (по сравнению с сентябрем 2020 года) составил 32,8%. В этой связи необходимо отметить, что в Казахстане в структуре индекса потребительских цен порядка 40 % приходится на продовольственные товары.

Также вследствие возросшей экономической активности в мире происходит рост мировых цен на энергоресурсы: цены на нефть марки «Brent» превысили \$80 за баррель, цены на газ выросли до \$1200 за 1 тыс. куб. м (средняя цена в октябре 2020 года - \$171,5 за 1 тыс. куб. м).

В результате вышеприведенных факторов сегодня во многих странах наблюдаются рекордные уровни инфляции: показатели по инфляции в августе текущего года стали самыми высокими для США и Германии за последние 13 лет (целевой уровень – 2%, фактическая инфляция в США – 5,3%, в Германии – 3,4%), а для России – за последние 5 лет (целевой уровень – 4%, фактическая инфляция – 6,7%).

Справочно: инфляция за период январь-сентябрь 2021 года составила 8,9% (в сентябре к августу – 0,4%). Цены на платные услуги выросли на 6,8% (0,7%), непродовольственные товары – на 7,5% (0,6%), продовольственные – на 11,5% (0,1%).

В ежемесячной динамике инфляции в сентябре по сравнению с августом текущего года наблюдается снижение темпов прироста на 0,1 п.п. (прирост инфляции в августе – 0,5%). Это связано с началом сезонного замедления продовольственной инфляции (0,1% к августу т.г.).

Необходимо отметить, что ускорение инфляции в других странах указывает не только на наличие глобального инфляционного тренда в связи с ростом спроса, но также, с учетом интегрированности экономики Казахстана в мировое экономическое пространство, на дополнительное внешнее давление на инфляционные процессы в Казахстане.

Касательно внутренних факторов инфляции существенное давление на ускорение потребительских цен в Казахстане оказывают повышение платежеспособного спроса, в частности на рынке жилья (за счет возможности досрочного снятия населением части пенсионных накоплений), восстановление деловой активности в сфере услуг, рост издержек производителей в результате удорожания топлива и электроэнергии, отложенное повышение цен на регулируемые услуги и т.д.

Также на ускорение роста цен влияют нерешенные структурные проблемы инфляции в Казахстане в виде недостаточного насыщения внутреннего рынка производством продуктов питания.

В целях сдерживания роста цен 7 сентября текущего года Правительством принят Комплекс мер антиинфляционного реагирования на 2021-2024 годы, который предусматривает реализацию 64 мероприятий.

В текущем году реализуются 39 оперативных мер, которые направлены

на расширение товарного предложения (организация закупок видов социально-значимых продовольственных товаров (далее - СЗПТ) и определение потребности производителей в рамках форвардных договоров и «оборотной схемы»), антимонопольный контроль и защиту потребителей (контроль обоснованности торговых надбавок, выявление признаков ценового сговора и ограничение доступа к торгам), аналитическую и институциональную поддержку (перечень мероприятий, предусматривающий скрининг, цифровизацию торговых процессов, мониторинг и анализ недозагруженных и простаивающих мощностей пищевой промышленности, институциональное усиление контроля по координации цен на СЗПТ), регулирование внутреннего рынка товаров (введение ограничения на вывоз сырья и материалов, по которым наблюдается дефицит либо рост цен на внутреннем рынке, введение запрета на вывоз нефтепродуктов автомобильным транспортом сроком на 6 месяцев, утверждение комплексных тарифов на медицинские услуги).

До конца 2024 года будут реализованы 25 среднесрочных мер, направленных на сдерживание роста цен на продовольственные товары, поддержание цен на непродовольственные товары, системную поддержку потребителей, регулирование финансового рынка.

В реализацию Комплекса мер Правительством принимаются меры по увеличению объема производства сельскохозяйственного сырья и продовольственных товаров, снижению их себестоимости, повышению их конкурентоспособности.

По состоянию на 23 сентября текущего года в стабфондах имеется 25,1 тыс. тонн СЗПТ, заключены форвардные договора на поставку порядка 31 тыс. тонн товаров, в том числе на поставку картофеля – 16 тыс. тонн, моркови – 5,2 тыс. тонн, лука – 5 тыс. тонн и др.

С начала текущего года из стабфондов реализовано 28,8 тыс. тонн продовольствия и закуплено 13,5 тыс. тонн.

Из местных бюджетов на предоставление льготных займов по «оборотной схеме» выделено 33,4 млрд. тенге.

С начала текущего года проведены 3 353 сельскохозяйственные ярмарки, на которых товары реализованы по ценам на 20-40 % ниже рыночных. Заключены 19 685 соглашений с торговыми объектами, сельхозтоваропроизводителями, производителями СЗПТ о снижении цен.

Планируется увеличение финансирования механизма «оборотной схемы» до 50 млрд. тенге и выделение дополнительных средств на закуп продовольствия в стабилизационные фонды на сумму 50 млрд. тенге по товарам с наибольшим риском роста цен.

В результате реализации Комплекса мер в 2022-2024 годах ожидается снижение продовольственной инфляции до 5-7 %, непродовольственной инфляции – до 5 %, тарифов на платные услуги – до 4 %.

В рамках мер денежно-кредитной политики по сдерживанию инфляции в первом полугодии 2021 года Национальный Банк принял 4 решения о сохранении базовой ставки на уровне 9 % годовых с коридором 8 –10 % (в январе, марте, апреле, июне 2021 года).

Во втором полугодии текущего года принято решение о повышении базовой ставки до 9,25 % в июле и 9,5 % в августе текущего года, что

обусловлено реализовавшимися рисками инфляции со стороны предложения и устойчивым проинфляционным давлением в экономике со стороны спроса. Взвешенное ужесточение денежно-кредитной политики вызвано необходимостью вернуть инфляцию в целевой коридор 4-6 % в 2022 году.

В случае возрастания проинфляционных факторов Национальный Банк может принять меры по дальнейшему ужесточению денежно-кредитных условий.

Что касается индексации минимальной заработной платы и заработных плат наемных работников, то в соответствии с трудовым законодательством РК размер месячной заработной платы работника устанавливается дифференцированно в зависимости от квалификации работника, сложности, количества и качества выполняемой работы, а также условий труда. Размер месячной заработной платы максимальным размером не ограничивается.

Заработная плата выплачивается работнику за фактически отработанное им время, учтенное в документах работодателя по учету рабочего времени.

Согласно данным Бюро национальной статистики ежегодно наблюдается повышение размера заработной платы.

В 1 квартале 2021 года среднемесячная номинальная заработная плата одного работника с учетом малых предприятий, занимающихся предпринимательской деятельностью, составила 216 630 тенге и увеличилась в сравнении с 2017 годом (*136 273 тенге*) на 37,1 %, несмотря на введение чрезвычайного положения и ограничительных мер в связи с пандемией коронавируса.

Также наблюдается повышение размера медианной заработной платы наемных работников. В 2020 году размер медианной заработной платы составил 142 291 тенге и увеличился в сравнении с 2017 годом (*82 977 тенге*) на 41,7 %.

Согласно статье 157 Трудового кодекса в коллективный договор могут включаться взаимные обязательства работников и работодателя по определению порядка индексации заработной платы.

В настоящее время по республике количество заключенных коллективных договоров составляет 148 тыс., из них охват по предприятиям составляет 49,8 % (*крупные предприятия – 2,3 тыс. или 96,3 %, средние предприятия – 6,7 тыс. или 97,4 %, малые предприятия – 140 тыс. или 48,3 %*). Вместе с тем на отраслевом уровне заключены 18 отраслевых соглашений, предусматривающих основные принципы системы оплаты труда, в том числе вопросы индексации заработной платы.

Осуществление индексации заработной платы на обязательной основе сверх производимых ежегодных повышений заработной платы повлечет дополнительные расходы из государственного бюджета и значительную финансовую нагрузку на работодателей.

Оплата труда в современных условиях, являясь экономической категорией, зависит от спроса и предложения на рабочую силу на рынке труда, финансово-экономических результатов деятельности хозяйствующих субъектов и других факторов.

При этом индексация заработной платы в обязательном порядке может привести к повышению себестоимости продукции (*работ, услуг*), что отразится на расходах потребителей, росте цен на товары и услуги.

В этой связи индексация заработной платы должна производиться исходя из финансовых возможностей предприятия по согласованию сторон в рамках коллективных договоров и соглашений.

Касательно возможности привлечения к ответственности за провалы в борьбе с инфляцией считаем, что текущая ситуация с инфляцией является результатом влияния глобальных и внутренних макроэкономических процессов и не может являться прямым следствием действия и/или бездействия определенного должностного лица.

В случаях неисполнения и/или некачественного исполнения мероприятий Комплекса мер, по отношению к должностным лицам будут приниматься меры в соответствии требованиями действующего законодательства Республики Казахстан.

А. Смаилов

Исп. Оразбай М.
Тел.: 75-00-68, 8-700-220-20-62